

**Құрметті клиент,
«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ жүгінгеніңізге рахмет!**

Жеке тұлғаларға банктік шоттар ашу үшін қажетті құжаттар тізімі¹

I. Резидент- жеке тұлғалар үшін	
1.	Жеке басын куәландыратын құжат**
Банк клиентке қол қою үшін ұсынатын құжаттардың нысандары	
2.	Шот ашуға өтініш-сауалнама (осы Қағидаларға 4-Қосымша)
3.	Банктің бекітілген нысанының дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім (клиенттен және клиенттің сенім білдірілген тұлғасынан/өкілінен)
4.	Банкке қайта жүгінген және сауалнама деректерін өзгерткен немесе АЖ/ТҚ қағидаларының талаптарына сәйкес мерзімде жаңартылған кезде клиенттің сауалнамасы (АЖ/ТҚ бойынша Қағидаларға 2-Қосымша)*
Жинақ шотын ашу үшін	
I- бөлімнің 2-4-тармақтарында аталған құжаттарға қосымша банк клиентке қол қою үшін ұсынады:	
5.	Банктің уәкілетті органы бекіткен нысанға сәйкес депозит ашу туралы өтініш (шарт)
<p><i>Ескерту</i> * онлайн шот ашу кезінде талап етілмейді, өйткені клиент бойынша деректер мәліметтер/электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік деректер базасынан жүктеледі. Қашықтықтан қол жеткізу жүйесі арқылы ашылған шоттар бойынша тиісті құжаттар Клиент Банк бөлімшесіне жүгінген кезде АБИС қол режимінде жүктеледі. ** сандық құжатты пайдалануға рұқсат етіледі.</p>	
II. Бейрезидент- жеке тұлғалар үшін	
1.	Жеке басын куәландыратын құжат
2.	Жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелгенін растайтын құжат – ЖСН (болса) немесе салық төлеушінің шетелдік сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтерді қамтитын, салық резиденті шот иесі болып табылатын шет мемлекет (аумақ) берген құжат*
Банк клиентке қол қою үшін ұсынатын құжаттардың нысандары	
3.	Шот ашуға өтініш-сауалнама (осы Қағидаларға 4- Қосымша)
4.	Банктің ішкі порталында орналастырылған бекітілген нысандағы дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім
5.	Банкке қайта жүгінген және сауалнамалық деректер өзгерген немесе АЖ/ТҚҚ талабы бойынша жаңартылған кезде клиенттің сауалнамасы (АЖ/ТҚҚ бойынша Қағидаларға 2-Қосымша)*
Жинақ шотын ашу үшін	
II - бөлімнің 3-5-тармақтарында аталған құжаттарға қосымша банк клиентке қол қою үшін ұсынады:	
7.	Банктің уәкілетті органы бекіткен нысанға сәйкес депозит ашу туралы өтініш (шарт)
<i>Ескерту</i>	

¹ Қажет жағдайда Банк қосымша құжаттарды сұрауға құқылы.

* онлайн шот ашу кезінде талап етілмейді, өйткені клиент бойынша деректер мәліметтер/электрондық құжаттар нысанында мемлекеттік деректер базасынан жүктеледі. Қашықтықтан қол жеткізу жүйесі арқылы ашылған шоттар бойынша тиісті құжаттар Клиент Банк бөлімшесіне жүгінген кезде АБАЖ қол режимінде жүктеледі.

III. Жеке тұлғаның өкілі үшін

I -бөлімде көрсетілген құжаттар тізбесіне қосымша

1.	ҚР заңнамасына сәйкес уәкілетті тұлғаға (жеке тұлғаның ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне) сенімхат беру талап етілмейтін жағдайларды қоспағанда, ағымдағы шотты ашу және (немесе) оған билік ету құқығына нотариалды куәландырылған сенімхат. Бұл ретте сенімхатта сенім білдірілген тұлғаның сенім білдірушінің атынан оның дербес деректерін жинауға, өңдеуге келісім беру өкілеттігі болуға тиіс
2.	Клиент өкілінің жеке басын куәландыратын құжат
3.	Клиенттің жеке басын куәландыратын құжат. (Ағымдағы шотты ашу құқығына нотариалды куәландырылған сенімхатты және (немесе) ағымдағы шоттағы ақшаға иелік етуді ұсынған кезде клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынуға рұқсат)
4.	Заңды өкілдің мәртебесін растайтын құжат

IV. Кәмелетке толмаған тұлғаның атына (14 жастан бастап)

I -бөлімде көрсетілген құжаттар тізбесіне қосымша

1.	Туу туралы куәлік – 16 жасқа толмаған кәмелетке толмаған тұлға-клиенттер үшін
2.	Жеке куәлік-16 жасқа толған кәмелетке толмаған тұлға-клиенттер үшін
3.	Шотты өз бетінше ашқан кезде 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған тұлғалар – клиенттер үшін - заңды өкілдің ағымдағы шотты ашуға және (немесе) ондағы ақшаға билік етуге нотариалды куәландырылған келісімі
4.	Заңды өкілдің мәртебесін растайтын құжат
5.	14 жастан асқан кәмелетке толмаған клиенттің нотариалды куәландырылған сенімхаты (егер шотты заңды өкіл ашса кәмелетке толмаған клиенттің қатысуынсыз)
6.	Жоғарыда көрсетілген келісімді берген заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттар (егер заңды өкілдердің нотариалды куәландырылған келісімі ұсынылған болса, көшірмелерін ұсынуға рұқсат беріледі)
7.	Туу туралы куәлік – 16 жасқа толмаған кәмелетке толмаған тұлға-клиенттер үшін
8.	Жеке куәлік - 16 жасқа толған кәмелетке толмаған тұлға-клиенттер үшін

V. Алимент алушы жеке тұлға үшін арнайы ағымдағы шот (кәмелетке толмағандар мен еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды ұстауға арналған ақша)

I -бөлімде көрсетілген құжаттарға қосымша

1.	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған алимент өндіріп алу туралы сот актісінің немесе алимент төлеу туралы нотариалды куәландырылған келісімнің көшірмесі
-----------	---

**Сұрақтар туындаған жағдайда қызмет көрсетуші менеджерге хабарласыңыз.
Банктің Байланыс орталығы: 595 (ұялы телефоннан қоңырау шалу тегін)**